


ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?






ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Туберкулез – қоздырушысы бактерия (*Mycobacterium tuberculosis*) болып табылатын жұқпалы дерт, көбіне өкпені зақымдайды. Туберкулезді емдеуге және алдын алуға болады.

Туберкулез(ТБ) адамнан адамға ауа арқылы жұғады . Өкпе туберкулезімен ауыратын адам жөтелу, түшкіру және қақыру кезінде ауаға туберкулез бактерияларын бөледі. Адамның дертке шалдығуы үшін бұл бактериялардың аз ғана мөлшерін жұту жеткілікті.

Жұқтыру қаупі инфекция көзімен сау адамның байланысының сипаттамасымен және ұзақтығымен анықталады. Топтасқан және аз желдетілетін үй-жайларда өмір сүретін, жаман әдеттерімен, әлсіреген иммунитеті бар адамдар туберкулезді жұқтыруға көбірек душар.



ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҚҚАНДЫҒЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ БІЛугЕ БОЛАДЫ?

- 
- 2 аптадан артық уақытқа созылған жөтел
 - түнгі тершеңдік
 - қызудың ұзақ уақыт бойы түспеуі
 - салмақ жоғалту
 - тәбет жоғалту
 - кеуденің ауруы
 - тез шаршау және әлсіздік

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ ҚОРҚЫНЫШТЫ БЕЛГІЛЕРІ БОЛА АЛАДЫ


Бұл белгілер әрдайым туберкулезге тән емес, олар басқа да аурулар кезінде кездесуі мүмкін. Нақты диагнозды тек қана дәрігер ғана қоя алады. Сондықтан 2 аптадан артық ұзақ уақытқа созылған жөтел және басқа да туберкулез белгілері байқалған жағдайда тез арада дәрігерге қаралған жөн.

Туберкулезбен сырқаттанушы адам бір жыл ішінде өзімен тығыз қарым-қатынастағы 10-15 адамға дерт жұқтыруы мүмкін.

ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕРТІНІҢ (СИМПТОМДАРЫНА) БЕЛГІЛЕРІНЕ ҰҚСАС ШАҒЫМДАР ПАЙДА БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА КӨМЕК АЛУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Егер сізде жөтел 2 аптадан ұзақ уақытқа созылса және жоғарғы аталғал туберкулез белгілері пайда болса, ондай жағдайда сіз жақын емханаға немесе кез келген медициналық орталыққа дереу қаралуыңыз қажет.

Ол жерде сізді қақырық тексеру, кеуде рентгені сияқты қарапайым тексеруден өткізеді.



Емдеудегі ең басты назар аударатын жәйт – сіздің қақырығыңызда туберкулез қоздырушы бар-жоғын анықтау үшін микроскоппен зерттеу жүргізу. Яғни, Сіз қаншалықты тиісті түрде қақырынып және оны жинап өткізсеңіз, соншалықты диагноз тез әрі дұрыс қойылады, демек, емделуді уақытында бастайтын боласыз.

Көкірекқуысы рентгені мен қақырық жағындысы микроскопиясының нәтижесі туберкулезді әрдайым айқындай алалмайды және дәрілерге көнбейтін туберкулезді анықтауға мүмкіндік бермейді.

Сол себепті, қазіргі уақытта **XpertMTB/RIF** экспресс-тестін қолдану кеңінен таралған. Осы тесттің көмегімен туберкулезді және оның дәріге көнбейтіндігі бір уақытта анықталады. Диагноз **2 сағаттың** ішінде қойылуы мүмкін және бұл тәсіл туберкулезді әсіресе АИТВ-мен өмір сүретін адамдардағы туберкулезді микроскопияға қарағанда әлдеқайда дәлірек анықтай алады.

ДӘРІЛЕРГЕ КӨНБЕЙТІН ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Туберкулез тудыратын бактериялар бойында дертті емдеу үшін қолданылатын микробтарға қарсы дәрілерге көнбеушілік өршуі мүмкін.

Көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулез (КДК ТБ) бұл аз дегенде ең күшті екі туберкулезге қарсы дәрілер – изониазид және рифампицин әсер ете алмайтын туберкулез.

Көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулезді емдеп жазуға болады. Алайда, емдеудің мұндай әдісі шектеулі және қымбаттығымен және уыттылығымен ерекшеленетін дәрілер арқылы, экстенсивті химиотерапия өткізуді (екі жылға дейінгі ем қабылдау) қажет етеді.

Көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулез қоздырғышы сондай-ақ, екінші қатардағы инъекциялық дәрілерге және фторхинолға көнбеген жағдайда қоздырғыш шақыратын туберкулез ауқымды дәрілерге көнбейтін туберкулез болып табылады (АДК ТБ).

Үзілістер, сондай-ақ сезімталдығы сақталған туберкулезді емдеуді уақытынан бұрын тоқтату КДК ТБ және КАДК ТБ дамуына алып келуі мүмкін, ол кейін жұғуы мүмкін!



ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ҚАЛАЙ ЕМДЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

Жұқпалы науқастар стационарда емделеді, ауаға микобактериялар бөлмейтін науқастар амбулаториялық жолмен, міндетті түрде дәрігердің бақылауымен емделеді. Дәрілерді амбулаториялық қабылдау кезінде аурудың барысын ұялы телефон, планшет және мобильдік қосымшалардың (бейнебақылаулық емдеу) көмегімен қадағалайтын жаңа технологиялар қолданылуда.

Қазіргі уақытта емнің тиімділігін арттыратын туберкулезге қарсы дәрілер шығарылды. Индеттен толық айығу үшін ең бастысы - ТБ-ға қарсы дәрілерді ем курсы аяқталғанша үздіксіз қабылдау

Мынаны біліп, есте сақтаған жөн: науқастың өздігінен емделуі және емшілерден халық емін алуы индеттің кеш анықталуына, оның емделуінің ұзаққа созылуына, жақын жандарына жұқтыруына және қиын жағдайларға алып келеді.



**ЕСТЕ САҚТА!
ЕЛІМІЗДЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУ ТЕГІН!**

ДӘРІГЕ КӨНБЕЙТІН ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР БАР?

Қазіргі уақытта біздің елімізде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес дәріге көнбейтін туберкулезді туберкулездіге қарсы жаңа дәрілермен (бедаквилин және даламанид) емдеу енгізілуде.

Бұл дәрі-дәрмектер емнің тиімділігін арттыруға, дәріге көнбейтін туберкулезге дәлірек айтқанда КДК ТБ және АДК ТБ-ға төзімділікті күшейтуге және оларды емдеу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін үлкен патенциалға ие.

ТОЛЫҚ ЕМ КУРСЫН НЕЛІКТЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТІКЕЛЕЙ БАҚЫЛАУЫНДА АЛУ КЕРЕК? ЖӘНЕ ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ БАСТАЛҒАН ЕМДІ ҮЗУГЕ НЕМЕСЕ ТОҚТАТУҒА БОЛМАЙДЫ? НЕЛІКТЕН ТОЛЫҚ ЕМ АЛУ КУРСЫН ТІКЕЛЕЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР БАҚЫЛАУЫМЕН АЛУ ҚАЖЕТ ЖӘНЕ БАСТАЛҒАН ЕМДІ ҮЗУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Ем алуды тікелей бақылау (ЕТБ) – туберкулезді емдеудің ең маңызды принциптерінің бірі болып табылады. ЕТБ дегеніміз – ем қабылдауды қадағалайтын адамның науқастың дәріні жұтқандығын бақылау қызметі. Бұл науқастың туберкулезге қарсы дәрілерді тиісті дозада және уақытылы қабылдауына кепілдік береді. Емді бақылауда қабылдау дерттің дәріге көнбеу қасиетінің дамуына жол бермейді.

Емнің амбулаториялық кезеңінде, науқас өзін жақсырақ сезініп және оның туберкулездің белгілері жоғала бастайды. Бұл науқасты өзін толық айыққандығы туралы қате сенімге алып келеді. Осының салдарынан науқас өзін дерттен толық айықтым деп шешіп дәрігер тағайындаған туберкулезге

қарсы дәрілер қабылдауды өздігінше тоқтатуы мүмкін немесе басталған емді мүлдем тоқтатуы мүмкін. **Бұл аса қауіпті!**

Ем сәтті болуы үшін және туберкулездің дәріге көнбеу қасиеті күшеймеуі үшін үшін, келесі қағидаларды қатаң ұстану керек:

- Медициналық көмекке дер кезінде жүгіну
- Дәрігердің нұсқауларын қатаң түрде сақтау
- Дәрі-дәрмектің барлық дозаларын қабылдау
- Демеу және қадағалау кезінде науқастардың туберкулезге қарсы дәрілерді қабылдауларын бақылауды көзден таса қалдырмау
- Емді басынан аяғына дейін жеткізу.

(ББЕ) ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бейнебақылаумен емдеу (ББЕ) амбулаториялық науқастың туберкулезге қарсы дәрілерді үйде (оқу орнында, жұмыста және т.б) қабылдауын қазіргі заманғы технолологияларды пайдалана отырып (Skype, WhatsApp секілді), бейне режимінде қадағалап, барлық белгіленген дәрілер дұрыс және уақытылы қабылданғандығына жүз пайыз сенімді болуына мүмкіндік береді.

Бейнебақылаумен емдеу бағдарламалары төмендегідей басымдылықтарға ие болғандықтан әлемде кеңінен қолданылып келеді:

• Науқастардың көлік шығындарын қысқартады, бос уақыттарын көбейтеді, оларды ұзақ сапарларда (сонымен қатаркөлікпен үйге барар жолды қоса алғанда) дәрі қабылдағаннан кейін дәрілердің кері әсері салдарынан болатын қолайсыздықтардан сақтайды.

• Туберкулезге қарсы қызметтің ресурстарын ұтымды пайдалану


• Пациенттерде емделуге деген бейілділікті және жалпы емдеу нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз ету.

Сондай-ақ науқастардың туберкулезге қарсы кабинетке баруы мен олардың туберкулезге қарсы дәрілерді (ТҚД) дистанциялық тәртіпте қабылдауы медициналық қызметкердің тікелей бақылауында болады.

ДЕРТ КЕЗІНДЕ КІМ КӨМЕКТЕСЕ АЛАДЫ?

Тікелей бақылауда қабылданатын ем дерттен толықтай айығумен және ем курстарын аяқтаумен тығыз байланысты. Алайда, психоәлеуметтік демеу шаралары қосылған жағдайда емнің айтарлықтай тиімділігіне қол жеткізуге болады.

Сіз тұратын аймақта психоәлеуметтік көмекке қол жетімділікті кеңейтуде, үкіметтік емес ұйымдардың рөлі үлкен. ҰЕҰ-лар туберкулезді айқындауда, диагностикалауда және оны амбулаториялық кезеңде емдеу барысында қолдау көрсете алады.





«Қамқорлық» дағдарыс орталығы
Алматы қаласы, Төле би көш., 159 үй
тел.: +727 296 09 37, +7 700 334 43 37

Семей қаласы, Аймаутова көшесі 50, кеңсе 211,
«Алем-Спас» Қайырымдылық қоры» Қоғамдық Қоры
тел.: + 7 707 215 00 16

Қоғамдық Қоры «Сен жалғыс емессің»
Павлодар қаласы Тульская көшесі 69, тел.: +7 7182 57 52 85

«Жолдас» СПИД-сервистік ұйымдарының ассоциациясы
Шымкент қаласы, Бағысбаев көшесі 9 үй.
тел.: +7 7252 57 13 74

«Адамның қорғаныш тапшылық қоздырғышымен өмір сүретіндерді қолдау
«ҚУАТ» қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ
Өскемен қаласы, Питер коммуналары көшесі, 22 үй, 10
тел.: 8 7232 77 05 77, +7 705 752 65 37, +7 771 959 98 81

«Сенім-тірек» қоғамдық бірлестігі.
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Құлымбетов көшесі 156.
т. +7 71332 544441, +7 701 4228222.

ҚР Ақтөбе филиалы Қызыл Ай Қоғамы.
Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан 67,4 пәтер
тел.: +7 775 160 08 23

«ИГІЛІК» туберкулездің алдын алу және ауырудың санын азайту бойынша»
қоғамдық қоры

Көкшетау қаласы, Сары Арқа шағын ауданы, №8/2 үй, 20 пәтер
тел.: +7 701 430 09 97, +7 775 754 74 71, e-mail: fond.igilik2017@list.ru

«Үміт» қоғамдық бірлестігі
Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары 12, 4 кеңсе
тел.: +7 7212 42 60 92

«Шапағат» АИВ позитивті және олардың жақындарын
қолдау қоғамдық қайырымдылық
Теміртау қаласы, Республика даңғылы 26/2А,
+7 700 970 04 90, +7 7213 90 35 00